

**Ақмола облысы білім басқармасының  
Бұланды ауданы бойынша білім белімі Воробьевка ауылының  
негізгі орта мектебі» КММ**

**КГУ «Основная средняя школа села Воробьевка отдела образования по  
Буландынскому району управления образования Акмолинской области»**

020504 Воробьевка селосы  
Ялань көшесі, 1  
тел. 55-2-25  
[bul-vorobjewskay-osh@yandex.kz](mailto:bul-vorobjewskay-osh@yandex.kz)  
**БҮЙРЫҚ**

020504 село Воробьевка  
Улица Ялань, 1  
тел. 55-2-25  
[bul-vorobjewskay-osh@yandex.kz](mailto:bul-vorobjewskay-osh@yandex.kz)  
**ПРИКАЗ**

**№ 13**  
**25.05.2023г**

**Ақмола облысы білім  
басқармасының Бұланды ауданы  
білім белімі Воробьевка ауылының  
негізгі орта мектебі» коммуналдық  
мемлекеттік мекемесі сыйбайлас  
жемқорлыққа  
қарсы комплаенс-қызмет  
ережесін бекіту туралы**

«Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадагы № 410-В Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасы Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы № 112 бүйрығына сәйкес **БҮЙЫРАМЫН:**

1. «Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы білім белімі Воробьевка ауылының негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет ережесін бекітілсін.
2. Осы бүйрыктың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

**Басшы**



*Т.Шевченко*

**Т.Шевченко**

«Ақмола облысы білім  
басқармасының Бұланды ауданы  
білім болімі Воробьевка ауылының  
негізгі орта мектебі» КММ  
**басшысының 2023 жылғы**  
**\_25 мамыр №\_13\_**  
**бұйрығымен бескілген**

**Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы білім болімі  
Воробьевка ауылының негізгі орта мектебі» КММ сыйбайлас жемқорлыққа  
карсы комплаенс-қызметтер туралы ереже**

Осы Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қымыл туралы үлті ереже (бұдан әрі-ереже) «Бұланды ауданы білім болімі Воробьевка ауылының негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-мектеп) комплаенс-қызмет заннамалық актілерге сәйкес әзірленді. «Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы білім болімі Воробьевка ауылының негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің мөртебесін, өкілеттігін және жұмысын үйымдастыруды айқындайды.

### **1-тaraу. Жалпы ережелер**

#### **I. Осы Ережеде мынаidай негізгі үтімдар пайдаланылады**

1) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс – квазимемлекеттік сектор субъектілері мен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қымыл жөніндегі заннамасын сактауын камтамасыз ету жоніндегі функция;

2) сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау – сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал етстін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу;

3) мұдделер қақтығысы – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауга уәкілеттік берілген адамдардың, оларға тәсестірлген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мұдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда аталған адамдардың жеке мұдделері олардың өз лауазымдық міндеттерін орындауда және (немесе) тиісінше орындауда алып келуі мүмкін;

4) сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыйбайлас жемқорлық белгілірі бар құқыққа қарындағы кінәлі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

5) сыйбайлас жемқорлық тәуекелі – сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

6) сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу – сыйбайлас жемқорлыққа қары іс-кимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін өзірлеу және енгізу жолымен сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметті;

7) сыйбайлас жемқорлыққа қары іс-кимыл жөніндегі үәкілдегі орган – Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қары саясатын қалыптастыруды және іске асыруды және сыйбайлас жемқорлыққа қары іс-кимыл саласындағы үйлестіруді, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуды, анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган және оның аумақтық бөлімшелері.

2. Мектепте негізгі міндетті осы үйымның және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қары іс-кимыл туралы заннамасын сактауын қамтамасыз ету болып табылатын сыйбайлас жемқорлыққа қары комплаенс-қызмет функцияларын орындаитын құрылымдық бөлімшесі немесе жауапты тұлға айқындалады.

Бұл ретте, сыйбайлас жемқорлыққа қары комплаенс-қызметтің функцияларын орындаитын жауапты тұлға мүдделердің ықтимал қақтығысы ескеріле отырын айқындалады.

3. Сыйбайлас жемқорлыққа қары комплаенс-қызмет функцияларын орындаитын құрылымдық бөлімшесі немесе жауапты тұлға квазимемлекеттік сектор субъектісінің педагогтар кенесі, байқау кенесі (ол болған кезде) немесе озге де тәуелсіз басқару органының шешімімен, көрсетілген органдар болмаган жағдайда, мектептің басшысы айқындалады.

## **2-тaraу. Сыйбайлас жемқорлыққа қары комплаенс қызметтерінің мәргебесі**

4. Сыйбайлас жемқорлыққа қары комплаенс-қызмет өз өкілдегітерін квазимемлекеттік сектор субъектісінің атқарушы органынан, лауазымды адамдарынан тәуелсіз жүзеге асырады, педагогтар кенесіне, байқау кенесіне (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органына есеп береді және Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қары іс-кимыл туралы заннамасы талаптарының сакталуын қамтамасыз ету кезінде тәуелсіз болып табылады.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке әдіснамалық колдауды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі уәкілетті орган және оның аумақтық белімшелері көрсетеді.

6. Егер Занмен, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл саласындағы халықаралық стандарттармен осы Үлгілік ережеде көзделмеген сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті ұйымдастыруға қойылатын талаптар мен тәсілдер белгіленген жағдайда, осы талаптар мен тәсілдерді мектеп педагогтар кесесі, байқау көнеші (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органы, көрсетілген органдар болмаған жағдайда мектеп басшысы бекітеді.

### **3-тaraу. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің мақсаттары, міндеттері, қагидаттары, функциялары мен өкілеттіктері**

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметінің негізгі мақсаты – қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл туралы заннамасын сақтауын қамтамасыз ету, соңдай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады.

8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттері:

1) Мектеп иел оның қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ескерту және алдын алу қуравдарын енгізуін қамтамасыз ету;

2) Мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру;

3) Мектепте сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуі қамтамасыз ету;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеу талаптарының және үздік халықаралық практиканын сақталуын қамтамасыз ету;

5) Занға сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимылдың негізгі қагидаттарының сақталуын қамтамасыз ету;

9. Мектеп сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын енгізу және жүзеге асыру кезінде мынадай қагидаттарды басшылыққа алады:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын орындау үшін бөлінетін өкілеттіктер мен ресурстардың жеткіліктілігі;

2) басшылықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс тиімділігін мүдделелілігі;

- 3) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет кызметінің ақпараттық ашықтығы;
- 4) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің тәуелсіздігі;
- 5) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асырудың үздіксіздігі;
- 6) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жетілдіру;
- 7) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүзеге асыратын мамандардың құзыреттерін үнемі арттыру.

#### 10. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функциялары:

- 1) Мектептің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдарының ішкі саясаты;
- 2) квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметкерлері үшін сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұскаулық;
- 3) Мектенің мұдделер қақтығысын анықтау мен реттеудін ішкі саясаты;
- 4) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заннамаға сәйкес сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт;
- 5) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жоніндегі ішкі іс-шаралар жоспары;
- 6) мектеп қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заннаманы бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтары туралы хабардар ету тәртібін регламенттейтін құжат;
- 7) корпоративтік әдеп пен мінез-құлық мәселелерін регламенттейтін құжат;
- 8) мектеп сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне қатысты ақпарат жинауды, өндеуді, қорытууды, талдауды және бағалауды жүзеге асырады;
- 9) "Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу" үлгілік қагидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандығы № 12 бүйрүгымен бекітілген сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу дін үлгілік қагидаларына нормативтік құқықтық актілерді сәйкес коллегінің қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуі үйлесіреді;
- 10) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның және мектеп бірінші басшыларының бірлескен шешімі бойынша жүргізілетін квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдауга қатысады;
- 11) мектепте аныкталған сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне және оларды митигациялау және жою бойынша қабылданатын шараларға мониторингті жүзеге асырады;

12) мектепте сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізеді;

13) мектептің қызметкерлері үшін сыйбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту семинарларын ұйымдастырады;

14) мектептің қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс кимыл саясатын және корпоративтік адеп пен міnez құлық мәселелерін сактауын бақылауды қамтамасыз етеді;

15) мектептің ұжымында жалпы қабылданған моральдық-адеп нормаларына сәйкес келетін өзара қарым-катьнас мәдениетін қалыптастыруға жәрдемдеседі;

16) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет құзыреті шенберінде мемлекеттік функцияларды орындауға үәкілеттік берілген адамдарға тенестірілген адамдардың Занда белгіленген қаржылық бақылау шараларын және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сактауын қамтамасыз етеді;

17) мектептің құрылымдық бөлімшелерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспарын орындауына мониторинг әзірлейді және жүргізеді;

18) мұдделер кактығысын, оның ішінде колледжінін жұмыска орналастыру, сатып алу және бизнес-процестер мәселелерін анықтау, мониторингілеу және реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;

19) мектептегі сыйбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер (шагымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізеді және / немесе оларға қатысады;

20) мектепте сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заннамадағы, сыйбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасындағы өзгерістерге мониторинг пен талдау жүргізеді;

21) мектеп басшысына аныкталған сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою, колледжінің қызметтің ұйымдастырудың ішкі процестерінің тиімділігін арттыру жөнінде ұсынымдар енгізеді;

22) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі үәкілетті органмен және мемлекеттік органдармен, мектешен, когамдық бірлестіктермен, сондай-ак өзге де жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-кимыл жасайды;

## 11. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметтерінің құқықтары

1) мектептің құрылымдық бөлімшелерінен ақпарат пен материалдарды, оның ішінде коммерциялық және қызметтік құнияттың құрайтын материалдарды сұратады және алады;

2) көрсөтілген органдар болмаған жағдайда, мектептің басшысына педагогтар кеңесінің, байқау кеңесінің (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органының қарауына олардың құзыретіне жататын мәселелерді шығаруга бастамашылық жасайды;

3) ықтимал сыйбайлар жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе Қазақстан Республикасының сыйбайлар жемқорлыққа қарсы іс қымыл туралы заңнамасын бұзушылықтар туралы келіп түсетін хабарламалар бойынша қызметтік тексерулер жүргізеді;

4) мектептің басшылары мен басқа да қызметкерлерінен қызметтік тергеу шенберінде жазбаша түсіндірмөлдер беруді талап етеді;

5) Қазақстан Республикасының сыйбайлар жемқорлыққа қарсы заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді және оларды сыйбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қымыл жөніндегі үәкілетті органға жібереді;

6) өз құзыреті шегінде ішкі құжаттардың жобаларын әзірлеуге катысады;

7) мектептің қызметкерлерінің мектенде сыйбайлар жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуы немесе ықтимал мүмкіндігі туралы хабарлауы не колледже сыйбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қымыл жөніндегі шараптардың тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар енгізу үшін ақпараттандыру арналарын құрады;

## 12. Сыйбайлар жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің міндеттері

1) мектеп және оның үлестес тұлғалары туралы ақпараттың, сыйбайлар жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүзеге асыру кезеңінде белгілі болған инсайдерлік ақпараттың, егер онда дайындалып жаткан және (немесе) жасалған сыйбайлар жемқорлық құқық бұзушылық туралы деректер болмаса, күпиялдылығын сақтайды;

2) мектенде сыйбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қымыл мәсслелері бойынша сыйбайлар жемқорлықтың, корпоративтік Әдеп кодексінің және өзге де ішкі құжаттардың бұзылуының болжамды немесе нақты фактілері бойынша жүтінген адамдардың күпиялдылығын қамтамасыз етеді;

3) мектептің педагогтар кеңесін, байқау кеңесін (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органын, ал көрсөтілген органдар болмagan жағдайда, мектеп басшысын сыйбайлар жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуымен немесе ықтимал мүмкіндікімен байланысты кез келген жағдайлар туралы уақытын хабардар етеді;

4) сыйбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қымыл жөніндегі үәкілетті органның назарына белгілі болған дайындалып жаткан, жасалатын немесе жасалған сыйбайлар жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы хабарлайды;

5) мектеп белгіленген жұмыс режиміне кедергі келтірмейді;

6) қызметтік және касіби этиканы сактайды.

#### **4-тaraу. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің есептілігі**

13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет колледже кабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша ақпаратты токсан сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органга жібереді.

14. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет мектеп педагогтар кеңесіне, байқау кеңесіне (ол болған кезде) немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалған өзге де тәуелсіз басқару органына, ал көрсетілген органдар болмagan жағдайда, мектеп басшысына мерзімді түрде есеп береді.